

"Баспасөз және басқа бұқаралық хабарлама құралдары туралы" Қазақ ССР Заңына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 14 қазандағы N 2518 Заң күші бар жарлығы.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_1-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. "Баспасөз және бұқаралық хабарлама құралдары туралы" Қазақ ССР Заңы (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991 ж., N 28, 390-құжат) мына мазмұнындағы 7-1-баппен толықтырылсын:

"7-1-бап. Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы

Қазақстан Республикасында баспасөз және бұқаралық ақпарат саласындағы мемлекеттік саясатты Қазақстан Республикасының Президенті құратын, тарататын және қайта құратын баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы жүзеге асырады.

Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының басшысын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайды және қызметтен босатады".

2. Осы Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті